

ДОМЕНДІК АТАУЫН ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНЕ ШАРТ

Семей қ-сы

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Осы Шарт төмендегілер арасында жасалған:

(1) Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталушы, П.М.Гусев арқылы Жарғы негізінде қызмет ететін «Қазақ торап ақпарат орталығы» мекемесі және

(2) Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» _____ деп

аталушы, _____ төмендегілер туралы келісімге келді.

1 Бап. Шарттың мәні

1.1 Осы Шарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша осы шарттың 1.2 т. көрсетілген қызметтерді көрсету міндетін, ал Тапсырыс беруші осы қызметтер үшін төлем жүргізу міндетін өз мойындарына алады.

1.2 Орындаушы бұдан әрі «Қызметтер» деп аталушы, тіркеу келісімінің ережелеріне сәйкес тіркеуді жүргізу және _____ домендік атауының жұмысын қолдау қызметін көрсету міндетін өз мойнына алады.

1.3 Қызметтерді орындау мерзімі 20 ____ жылдың _____ бастап 20 ____ жылдың _____ дейін. Орындаушы қызметтерді жедел орындап бітіруге құқылы.

1.4 Орындалған жұмыстар актісіне Тапсырыс берушімен немесе оның орнын басатын уәкілетті өкілмен қол қойылғаннан кейін қызметтер орындалды деп есептеледі.

2 Бап. Шарттың құны және есеп айырысу тәртібі

2.1 Ұсынылған шотқа сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтер үшін ҚҚС сомасын қоса есептегенде 3808 (үш мың сегіз жүз сегіз) теңге 00 тиын мөлшерінде шарттың жалпы сомасын төлейді.

2.2 Төлем мерзімі Орындаушымен ұсынылған шот негізінде шартқа қол қойылған мерзімнен бастап 5 (бес) күнді құрайды.

2.3 Есеп айырысу Тапсырыс берушімен Орындаушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

3 Бап. Тараптардың міндеттері

3.1 Орындаушы міндетті:

3.1.1 Қызметтерді тиісті дәрежеде орындауға.

3.1.2 Қызметтерді осы Шарттың 1.3 т. көрсетілген мерзімде толық көлемде орындауға.

3.1.3 Тапсырыс берушімен анықталған мерзімде Орындаушы Қызметті орындау үрдісінде Шарттың талаптарынан шегініп Қызметтің сапасын нашарлатқан жағдайда Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық табылған кемшіліктерді ақысыз жөндеуге.

3.1.4 _____ домендік атауының тәулік бойы үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етуге.

3.1.5 Орындаушы жұмысты дербес орындауға міндетті.

3.2 Тапсырыс беруші міндетті:

3.2.1 Осы Шарттың 2 бабының талаптарына сәйкес қызметтердің төлемін жүргізуге.

3.3 Тапсырыс беруші құқылы:

3.3.1 Орындаушының қызметіне араласпай-ақ кез келген уақытта Орындаушымен атқарылатын жұмыстың сапасын тексеруге.

3.3.2 Жұмыстардың орындалу актісіне қол қойылғанға дейін Шарттың орындалуынан бас тарту керек.

4 Бап. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі.

4.1 Осы Шарт бойынша міндеттерді орындауды кешіктіргендігі үшін кешіктіруге жол берген Тарап келесі Тарапқа әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт құнының 0,1 % көлемінде айыппұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың құнынан 10% артық болмау керек. Айыппұлды төлеу осы Шарт бойынша қабылданған міндеттерді орындаудан босатпайды.

4.2 Шартты орындау барысында туындаған барлық келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Оларды келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарында шешілетін болады.

4.3 Тұрақсыздық үшін төлеу орындаушыны оған жүктелген міндеттерді орындаудан немесе тәртіп бұзуды жоюдан босатпайды.

5 Бап. Басқа да талаптар

5.1 Осы Шарт талаптарында көрсетілмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іс-әрекет етеді.

5.2 Осы Шарт Тараптармен оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптармен осы Шарт талаптары толығымен орындалғанға дейін әрекет етеді.

5.3 Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде төрт данада құрылған: әрқайсысының заңдық күші бірдей екі данасы мемлекеттік тілде және екі данасы орыс тілінде.

6 Бап. Тараптардың заңды мекен-жайлары, төлем деректемелері және қолдары**Орындаушы**

«Қазақ торап ақпарат орталығы» Мекемесі

Семей қ-сы, Ильяшев к-сі, 47/2

БСН 990940000373, БСК IRTYKZKA

ЖСК KZ3896505F0007262470 "ForteBank" АҚ

Тапсырыс беруші
